

**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«О.ТҰРМАҒАНБЕТҰЛЫ АТЫНДАҒЫ МАҢҒЫСТАУ
ИНДУСТРИАЛДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» МҚҚК**

«КЕЛІСЕМІН»

«Производственная компания
Орда» ЖШС директоры



Сүлейменов Е.Д.

«09» 2024 ж

«БЕКІТЕМІН»

«О.Тұрмағанбетұлы атындағы
Маңғыстау индустриалды
техникалық колледжі» МҚҚК
басшысы



Т.М. Ускимбаев

«01» 09 2024 ж

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мамандық: «07320600 Жергілікті магистральдық және желілік құбырларды монтаждау»

Біліктілік: 3W07320602- «Технологиялық құбырларды монтаждаушы»
4S07320603- «Техник-механик»

Жаңаөзен

ҚҰРАСТЫРҒАНДАР

Дыбысова Р.Т. -«О.Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі» МКҚК басшының ОӘЖ жөніндегі орынбасары;

Қуатова Р.Х. – «О.Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі» МКҚК басшының ОІЖ жөніндегі орынбасары;

Сегізбаева Ж.Х- «О.Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі» МКҚК, әдістемелік бөлім меңгерушісі;

Сактаганова М.Д –«О.Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі» МКҚК, арнайы пәндер оқытушысы;

Рахманова А.Б - «О.Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі» МКҚК, арнайы пәндер оқытушысы;

Сулейменов Е.Д- «Производственная компания Орда» ЖШС директоры

ҚАРАСТЫРЫЛДЫ, КЕЛІСІЛДІ ЖӘНЕ ҰСЫНЫЛДЫ

Колледж әдістемелік кеңесі

№ 1 хаттама «28» 08 2021 жыл

Колледж Индустриалдық кеңесі

№ 3 хаттама «29» 08 2021 жыл

Мазмұны

		бет
1	Білім беру бағдарламасына түсіндірме жазба	4
2	Қысқартулар мен белгілеулер тізімі	10
3	Функционалдық талдау	11
4	Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар	12
5	Білім беру бағдарламасының құрылымы	13
6	Білім беру бағдарламасының (модульдердің) мазмұны	16
7	Оқу жоспары	37
8	Ұсынылатын жабдықтар тізімі	50
9	Ұсынылатын әдебиеттер тізімі	62

1. Білім беру бағдарламасына түсіндірме жазба

07320600- Жергілікті магистральдық және желілік құбырларды монтаждау мамандығының 3W07320602 – Технологиялық құбырларды монтаждаушы, 4S07320603 – Техник – механик біліктіліктеріне арналған білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жасақталды:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы №469 бұйрығы "Talap" КЕАҚ сайтында орналастырылған "НҚА жоба 2021" үлгілік оқу жоспарлары 355, 356 қосымшалары;
- Техникалық және кәсіптік білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышы (ҚР БҒМ 27.09.2018 ж. №500 бұйрығымен бекітілген (жаңа редакцияда-ҚР Білім және ғылым министрінің 08.04.2021 № 157 бұйрығымен). Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша және академиялық еркіндікті ескере отырып;
- Қазақстан Республикасының "Атамекен" ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 27.12.2019 ж. №266 бұйрығына №25 қосымша "Іске қосу-жөндеу және жөндеу жұмыстары" кәсіби стандарты;
- Қазақстан Республикасының "Атамекен" ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 27.12.2019 ж. №266 бұйрығына №26 қосымша "Тарату газ құбырын пайдалану және жөндеу" кәсіби стандарты;
- Қазақстан Республикасының "Атамекен" ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 27.12.2019 ж. №266 бұйрығына №27 қосымша "Технологиялық жабдықтарды пайдалану және жөндеу" кәсіби стандарты;
- Қазақстан Республикасының "Атамекен" ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 27.12.2019 ж. №266 бұйрығына №28 қосымша "Магистральдық құбырларды пайдалану" кәсіби стандарты;
- Қазақстан Республикасының "Атамекен" ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 27.12.2019 ж. №266 бұйрығына №50 қосымша "Магистральдық газ құбырының желілік бөлігін пайдалану және жөндеу" кәсіби стандарты;
- Қазақстан Республикасының "Атамекен" ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 30.12.2019 ж. №269 бұйрығына №11 қосымша "Технологиялық жабдықтарды жөндеу" кәсіби стандарты;

«Білім беру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17, 20, 28, 32 және 56 баптары;

Қазақстан Республикасының Ұлттық (салалық) біліктілік шеңбері (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 24 қыркүйектегі №373-ө-м және Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 28 қыркүйектегі № 444 бірлескен бұйрығы).

Бірқатар еуропалық елдерде қолданылатын техникалық және қызмет көрсету еңбегі кадрларын кәсіптік оқыту және даярлаудың білім беру бағдарламаларының халықаралық тәжірибесі, құрылымы және мазмұны:

- бір мамандық бойынша оқу жоспары мен білім беру бағдарламасы аясында бірнеше құзыретті алуға бағдарланған;

- құрылымы және мазмұны жөнінен техникалық және арнайы пәндер мазмұны мен оқу-өндірістік жұмыс түрлерін сипаттаумен дәстүрлі пәндік-циклдық тәсілдемеден ерекшеленеді;

- жалпы кәсіптік және кәсіптік даярлық пәндері нақты біліктілік құзыреттеріне бағдарланған бірнеше модульге біріктірілген;

- болашақ кәсіптік қызметтің біліктілік құзыретінің белгілі бір түрлерін орындауға бағдарланған оқу модульдерінің қалыптасуын талап етеді.

Аталмыш білім беру бағдарламасын дайындаушылар еуропалық елдердің білім беру бағдарламаларын, өмір бойы оқытудың халықаралық тұжырымдамаларының жоғарыда аталған ерекшеліктерін ескерді, себебі білім беру бағдарламаларының мазмұны, бір жағынан, еңбек саласындағы өзгермелі жағдайға бейімделуге, екінші жағынан, кәсіби өсу мен білім алуды жалғастыруға қабілетті болашақ мамандардың кәсіптік құзыреттілігінің қалыптасуына бағытталған.

Сонымен қатар техникалық және кәсіптік білім беру МЕМББСТ жалпы талаптары, сондай-ақ оған қоса тіркелген оқу жоспарлары мен кәсіптік стандарттар белгілеген біліктілік деңгейлері бойынша білім, білік, дағдылар мен құзыреттерге қойылатын талаптар үлгісінің құрылымы ескерілді.

Осы білім беру бағдарламасын дайындау кезінде модульдік-құзыреттілік тәсілдеме және орта буындағы білікті жұмысшы кадрлар мен мамандарды даярлау бойынша модульдік оқытуды енгізу қажеттілігі негізінде мынандай түйінді анықтамалар пайдаланылды:

модульдік оқыту бағдарламасы – бір мамандық аясында кәсіптік қызметтің белгілі бір түрлерін орындауға қажет білімдер, біліктер мен құзыреттерді игеруге бағытталған білім беру бағдарламасының бір бөлігі;

модуль – білім беру бағдарламасының тәуелсіз, толыққанды және тұтас бөлімі;

жұмыс оқу бағдарламасы – техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы типтік оқу бағдарламасы негізінде нақты пән, іс-тәжірибелер, оқу қызметінің өзге түрлері (модульдер) үшін дайындайтын құжат;

модульдік бірлік – бұл бөлінуі мүмкін еңбектің басы мен аяғы болатын, белгілі бір кәсіпте еңбектің қисынды қолайлы бөлінісі, бұдан әрі мұның нәтижесі өнім, қызмет немесе жұмыстың бір бөлігі (жұмысшы операция) болады – ХЕҰ (халықаралық еңбек ұйымы) анықтамасы;

оқу модулі (модульдік оқу бірлігі) – болашақ біліктіліктің нақты дағдыларын білуді және орындалуын қамтамасыз ететін бір оқу модулі (пәні) аясындағы оқыту мазмұны бөлімдерінің (тақырыптарының) жиынтығы;

біліктілік – алынған мамандық бойынша белгілі бір қызмет түрін құзыретті орындауға даярлық деңгейі;

оқу процесінің жоспары (оқу жоспары) – сәйкес білім деңгейі мен бақылау нысанындағы білім алушылардың оқу пәндерінің (модульдерінің), іс-тәжірибелердің және оқу әрекетінің өзге түрлері тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбек сыйымдылығын) реттемелейтін құжат;

07320600- Жергілікті магистральдық және желілік құбырларды монтаждау мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы Қазақстанның құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс салаларына арналған өндірістік жабдықтар мен технологиялық құбырларды монтаждау, жөндеу, техникалық қызмет көрсету, окшаулау және сынау жұмыстарын жүргізетін білікті мамандардың жаңа буынын дайындау мақсатында және ел аумағындағы кәсіпорындар мен компаниялардың қажеттіліктерін талдау негізінде әзірленген.

Білім беру бағдарламасы келесі мамандарды дайындау үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің (бұдан әрі - ҰБШ) 3,4 біліктілік деңгейіндегі құзыреттілік талаптарын ескере отырып дайындалған.

3W07320602 – Технологиялық құбырларды монтаждаушы (ҰБШ 3 деңгейі);

4S07320603 – Техник – механик (ҰБШ 4 деңгейі);

Білім беру бағдарламасы жұмысшы мамандығы бойынша мамандарды дайындау мен білікті жұмысшы сертификатын беру, сонымен қатар, колледж аяқтағаны туралы диплом беріп орта буын мамандарын дайындауды, диплом беруді қарастырады.

Күндізгі оқыту барысында деңгей бойынша біліктілігі кәсіптік білім беру бағдарламасының нормативтік мерзімі:

Білім алушы ҰБШ 3 деңгейіне – «Технологиялық құбырларды монтаждаушы» деңгейіне жеткеннен кейін жұмысқа орналаса алады. Егер білім алушы оқуын мамандығы шеңберінде жалғастыруды қалайтын болса, ол тағы 10 ай мерзім «Техник – механик» 4 деңгейіне жету үшін оқиды.

Мамандықтар бойынша білім беру бағдарламасының құрылымы циклдар бойынша модульдер тізімін қамтиды: міндетті модульдер; базалық жалпы кәсіптік модульдер; кәсіптік модульдер; білім беру ұйымы анықтайтын модульдер және кәсіби тәжірибе модулі.

Құзыреттіліктерге негізделген білім беру бағдарламасы өмір бойы білім алу тұжырымдамасын ескере отырып әзірленген, себебі, білім беру бағдарламаларының мазмұны біліктілігі жоғары, бір жағынан құбылмалы

еңбек жағдайларына бейімделуге және екінші жағынан кәсібі өсу мен білім алуды жалғастыруға қабілетті мамандар дайындауға бағытталған.

Оқытуды ұйымдастыруға модульдік тұрғыдан келу оқу орындарының білім алушылардың оқу процесін ұйымдастыру барысында қажет біліктілік алуына қажет кәсіптік модульдерді таңдауына жағдай жасауға мүмкіндік береді, оның аясында білім алушы өзінің оқуын өзі басқара алады және басқаруға тиіс. Бұл оны оқуы үшін, ал болашақта кәсіби өсуі мен мансап жолы үшін жауапкершілік алуға үйретеді. Осылайша, білім алушы тұтынушы ретінде білім беруге қанағаттанады, ол еңбек нарығындағы өзгерістерге жауап қата отырып, өмір бойы білімін жетілдіре алады.

Білім беру бағдарламасының қысқаша сипаттамасы

Технологиялық құбырларды монтаждаушы – бұл құбыр желілерін жөндеу, монтаждау және сынау бойынша жұмысшы маман.

Технологиялық құбырларды монтаждаушы өнеркәсіптік әр түрлі салаларында кәсіпорындарда жұмыс жасайды және негізгі міндеттері:

- технологиялық жабдықтар мен құбырларды монтаждау;
- құрылыс бөлігінің дайындығын (атап айтқанда, іргетастарды, құрама темірбетон элементтерінің буындарын), қозғалмайтын тіректерге арналған созулардың болуын тексереді;
- трассаның басында және соңында тіректердің жоғарғы бөліктерін геодезиялық суретке түсіреді, аралық тіректер белгілерінің құбырлардың жобалық кеңісіне сәйкестігін тексереді және тіректердің атқарушы белгілерін көрсететін акт жасайды;
- уақытша құрылғылар (төсеніштер, арнайы тіректер мен бағандар) дайындайды және орнатады;
- монтаждау жабдығын ЖЖЖ немесе технологиялық жазбаға сәйкес орнатады;
- секциялар мен жеке құбырларды сұрыптайды және тасымалдайды;
- құбырларды, секцияларды және бөлшектерді тексереді, оларды ішінен және сыртынан ластан, қардан және тоттан тазартады, тасымалдау кезінде түйісетін секциялар мен құбырлардың деформацияланған шеттерін түзетеді.

Талаптар: Осы мамандық бойынша жұмыс тәжірибесі. Сызбаларды оқи білу. Біліктілік куәліктерінің болуы.

Осылайша, технологиялық құбырларды монтаждаушы негізгі мақсаты – технологиялық құбырларды монтаждау және жөндеу, құбыр желісін тапсыру және қабылдау болып табылады. Негізгі жұмыс құралы – техника (құралдарды жөндеу, іске қосу, баптау), қосымша таңбалы жүйелер (сандар, сызбалар, символдар).

Өз жұмысы барысында технологиялық құбырларды монтаждаушы заттай (құрылғы түріндегі) еңбек құралдарын – қол (слесарлық

құралдар – балға, бұранда, тістеуік, күйдіргіш, сомын кілттері және т.б.), пайдаланады.

Бұдан басқа оның зат түрінде болмайтын функционалдық құралдары – аналитикалық, техникалық ойлау, кеңістіктік түсіну, назарын аудару, есте сақтау, денесінің қозғалыс үйлесімі, әсіресе, қол моторикасы, сонымен қатар, сезім мүшелері – көру, есту, сезу, иіс сезу негізіне жатады.

Технологиялық құбырларды монтаждаушы жұмысы біршама айқын сипатта болады және ол:

- ережелерде, нұсқаулықтарда;
- басшылыққа алынатын нұсқау материалдарда;
- аспаптар, электрлік құрал-саймандарды, жабдықтарды техникалық пайдалану ережелерінде;

-ішкі тәртіп ережелері және еңбекті қорғау нормаларында анықталған.

Технологиялық құбырларды монтаждаушы еңбегі ол жұмыстағы тапсырмаларды өз бетінше және жабдықты реттеумен мамандар тобы айналысып жатқанда ұжымда басынан соңына дейін орындай алатындай етіп ұйымдастырылған. Функционалдық тұрғыда технологиялық құбырларды монтаждаушы орындаушы болып табылады, алайда, ол өз қызметін және жұмыс жүктемесін өзі жоспарлайды және бөледі (жеке өзі орындаған жағдайда).

Жақын біліктіліктер:

- технологиялық жабдықтарды және оған байланысты құрылымдарды монтаждаушы
- техник механик

Техник - механик – қызмет көрсететін құралдар мен құрылғылардың дұрыс, апатсыз және сенімді жұмысын, оны дұрыс пайдалануды, уақытылы сапалы жөндеу жүргізу мен нұсқауларға, бекітілген сызбаларға, техникалық шарттар мен нормаларға сәйкес жаңартуды қамтамасыз етеді.

Құрылғының жұмыс шарттарын зерттейді, мерзімінен бұрын тозу себептерін анықтайды, олардың алдын алу және жою шараларын қолданады.

Осы құрылғыларды пайдаланатын жұмысшыларға пайдалану ережелері және өндірістік жарақаттардың алдын алу шаралары туралы нұсқаулар береді.

Техник механик технологиялық құбырларды монтаждаушы жұмыстарына басшылық жасайды, олардың атқаратын жұмыстарының сапасын, технологияларды, қауіпсіздік техникасы ережелерін, өндірістік санитария мен өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауын қадағалайды.

Құрылғылар жұмыстарында туындаған ақаулықтарды жоюға, оларды жөндеу, монтаждау және реттеуге қатысады.

Жұмыс орнын құбырлармен, құбырлық блоктармен және секциялармен, құбырлық арматуралармен, бақылау өлшеу аспаптармен,

компенсаторлармен, қорғаныштық құралдармен, жабдықтармен және техникалық құжаттамамен қамтамасыз ету шараларын қолданады.

Техникалық қызмет көрсету, жөндеу, монтаждау және басқа да жұмыстарды құрылғының бекітілген типі бойынша меңгереді және енгізеді.

Материалдарға, қосалқы бөлшектерге, құралдарға тапсырыстар құруға қатысады және олардың үнемді және тиімді жұмсалуын қамтамасыз етеді.

Құбырлар мен жабдықтардың істен шығу себептерін тексеруге және апаттар мен өндірістік жарақаттың алдын алу шараларын дайындауға қатысады.

Білім беру бағдарламасын әзірлеу тәжірибелік бағыттағы технологиялық құбырлар мен жабдықтарды монтаждау бойынша білікті мамандарды көптеген компаниялар мен кәсіпорындардың, оның ішінде құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс кәсіпорындарының қажет етуіне негізделеді.

2 Қысқартулар мен белгілеулер тізімі

1. КМ – кәсіби модульдер;
2. БМ – базалық модульдер;
3. ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері;
4. КҚ – кәсіптік құзыреттілік;
5. БҚ – базалық құзіреттілік;
6. ЖБП – жалпы білім беретін пәндер;
7. ӨО – өндірістік оқыту;
8. КТ – кәсіптік тәжірибе;
9. АА – аралық аттестация;
10. ҚА – қорытынды аттестация;
11. ДЖ – дипломдық жобалау;
12. К – кеңес беру;
13. Ф – факультативті сабақтар;
14. МЕМСТ – мемлекеттік стандарт;


3 Функционалдық талдау

Кәсіби модульдер

Біліктілік

Еңбек қызметі

Мамандық



4 Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Күзіреттілік	Өнеркәсіптің/кәсіпорынның оқушылардың дайындық деңгейіне қоятын талаптары		
Базалық күзіреттілік	Техник-механик	Технологиялық құбырларды монтаждаушы	<p>БҚ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру;</p> <p>БҚ 2. Кәсіптік қызметте ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану;</p> <p>БҚ 3. Кәсіптік қызметте экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану;</p> <p>БҚ 4 Қоғам және еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану;</p>
Кәсіби күзіреттіліктер	Техник-механик	Технологиялық құбырларды монтаждаушы	<p>КҚ 1.1. Технологиялық құбырларды монтаждау үшін дайындық жұмыстарын жүргізу;</p> <p>КҚ 2.2.Технологиялық құбырларды монтаждау жұмыстарын жүргізу;</p> <p>КҚ 2.3. Технологиялық құбырларды монтаждау бойынша орындалған жұмыстардың сапасын тексеруді орындау;</p>
			<p>КҚ 2.1.Магистральды мұнай құбырларын пайдалану жөніндегі құжаттаманы жүргізу;</p> <p>КҚ 2.2. Магистральды мұнай құбырларын пайдалану жөніндегі жұмыстардың орындалуын қамтамасыз ету;</p> <p>КҚ 3.3.Жергілікті магистральдық және желілік құбырларды пайдалану жұмыстарының орындалуын қамтамасыз ету;</p>

5. Білім беру бағдарламасының құрылымы

Кәсіби құзыреттілік	Оқу модулі	Оқыту нәтижелері	Қалыптасатын базалық құзыреттілік коды
«Технологиялық құбырларды монтаждаушы» біліктілігі			
КҚ1. Технологиялық құбырларды монтаждау үшін дайындық жұмыстарын жүргізу;	КМ.01 - «Технологиялық құбырларды монтаждау үшін дайындық жұмыстарын жүргізу»	Құбырларды, фитингтер мен арматураларды қабылдау және тарқату; технологиялық құбырларды орнату мәселелері көрсетілген жұмыс құжаттамасын оқу; құбырларды төсеуді, монтаждауға дайындықты орындау; мұнайдың және мұнай өнімдерінің фракциялық құрамын анықтау, теориялық механика негізін түсіндіру; электр тізбегінің негізгі элементтерін меңгеру;	БҚ1 БҚ2 БҚ3
КҚ2. Технологиялық құбырларды монтаждау жұмыстарын жүргізу;	КМ.02 - «Технологиялық құбырларды монтаждауды жүргізу»	Диаметрі 300 мм дейінгі құбырларды белгілеу және монтаждау бойынша жұмыстарды орындау; жүктерді ілмектеу және жылжыту; муфталардың көмегімен бұрандаларды кесу және құбырларды косу бойынша	БҚ1 БҚ2 БҚ3 БҚ4

			жұмыстарды орындау; мыстан жасалған құбырларды дәнекерлеу тәртібін сақтау;	
КҚ 3. Технологиялық құбырларды монтаждау бойынша орындалған жұмыстардың сапасын тексеруді орындау;	КМ.03 Технологиялық құбырларды монтаждау бойынша орындалған жұмыстардың сапасын тексеру		Монтаждалған құбырлар мен түйіспелі дәнекерлеу қосылыстарын бақылап байқауын орындау, электротехникалық материалдардың құрылымы мен жіктелуі; электротехникалық материалдардың құрылысы, олардың электрлік, магниттік, жылулық, механикалық және физика-химиялық сипаттамалары; сымдар, шиналар мен кабельдердің тағайындалуы мен қолдану саласы. Бақылау өлшеу аспаптардың жеңіл жөндеу жұмыстарын жүргізу; аспаптарды жөндеуге техникалық құжаттамаларды ресімдеу; аспаптар мен автоматтандыру құрылғылары бойынша жекелеген жөндеу жұмыстарын жүргізу.	БК2 БК3 БК4
«Техник – механик» біліктілігі				
КҚ 1. Магистральдық мұнай құбырларын пайдалану жөніндегі құжаттаманы жүргізу	КМ.04 Аймақта құрылыс – монтаждау жұмыстары жоспарының орындалуы		Нарядтар беру және түпкілікті жұмыстарды қабылдау операцияларын орындау; белгіленген нормалардың орындалуын қамтамасыз ету;	БК2

КҚ 2. Магистральдық мұнай құбырларын пайдалану жөніндегі жұмыстардың орындалуын қамтамасыз ету	КМ.05 Жергілікті магистральдық және желілік құбырларды пайдалану құжаттамасын жүргізу	Пайдалану бойынша құжаттаманы жүргізу; материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілікті есептеу; пайдалану бойынша есеп беру құжаттарын қалыптастыру.	БҚ4
КҚ 3. Жергілікті магистральдық және желілік құбырларды пайдалану жұмыстарының орындалуын қамтамасыз ету.	КМ.06 Жергілікті магистральдық және желілік құбырларды пайдалану жұмыстарының орындалуын қамтамасыз ету.	Жабдықтың берілген жұмыс режимін қамтамасыз ету; жұмыстарды жүргізу сапасын бақылау операцияларын орындау; жабдықтың істен шығу себептерін талдау, оларды жою және алдын алу шаралар қабылдау; магистральдық құбыр жүйелеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмыстардың орындалуын қамтамасыз ету; магистральдық құбыр жүйелерінің жабдықтары мен қондырғыларын диагностикалық тексеру бойынша жұмыстардың орындалуын қамтамасыз ету;	БҚ2 БҚ3 БҚ4

6 Білім беру бағдарламасының (модульдердің) мазмұны

БМ.01 «Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру»

Мақсаты және міндеті

Аталған модуль білім дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру туралы түсінік береді.

Модульге кіріспе

Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау. Физикалық қасиеттерді және психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру. Жарақаттану және жазатайым оқиғалар кезінде дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету.

Оқыту нәтижелері

Аталған модульді аяқтағанда білім алушылардың міндеттері:

1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау.
2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.

Модуль мазмұны

Салауатты өмір салтының негіздері мен мәдениеті. Денсаулық: негізгі ұғымдар, мәні, мазмұны, критерийлері. денсаулық факторлары. Салауатты өмір салтының құрамдас бөліктері. Салауатты өмір салты. Денсаулықты қамтамасыз ету және өз жағдайын өзін-өзі бағалау. Оқушылардың еңбек және демалыс режимі. Дене шынықтыру гигиенасы.

Бұлшықет жүктемелері кезіндегі тыныс алу, қан айналым және энергетикалық жүйелер қызметінің физиологиялық негіздері. Дене жүйелері: жүрек-тамыр, тыныс алу, тірек-қимыл аппараты, жүйке, ас қорыту және т.б. Қозғалыс режимі. Шаршаудың физиологиялық сипаттамасы және ағзаның қалпына келуі. Дене жаттығуларының классификациясы. Шыныққандықтың жағдайы мен көрсеткіштері.

Жалпы дене шынықтыру жаттығуларының кешені.

Командалық спорт ойындарының ережелері, тактикасы мен техникалары. Техникалық және тактикалық, психологиялық дайындық. Командалық спорт ойындарының түрлері мен бөлінуі.

Дене жаттығуларының негіздері және оны реттеу жолдары. Жаттығуларды орындау техникасы. Ойын тәсілдерін және жеке тактикалық тапсырмаларды жаттығу ойынында қолдану тәсілдері.

Бақылау стандарттары мен сынақтар арналымы, түрлері.

Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Осы модульді табысты аяқтағаннан кейінгі білім алушының оқыту нәтижелері	Бағалау критерийі Білім алушы міндеттері
ОН1 Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау.	<p>1.1 Салауатты өмір салты негіздері мен мәдениетін ұғыну.</p> <p>1.2 Бұлшық етке жүктеме түскен кездегі тыныс алу, қан айналым және энергиямен қамтамасыз ету жүйелері қызметінің физиологиялық негіздерін сипаттау.</p> <p>1.3 Жалпы дене дайындығы бойынша жаттығулар кешенін орындау.</p> <p>1.4 Күнделікті өмірде салауатты өмір салты мәдениетін сақтау.</p> <p>1.5 Дене тәрбиесі жаттығулармен айналысу кезінде жарақаттардың туындау себептерін, жарақаттанудың алдын алу тәсілдерін түсіну.</p> <p>1.6 Жарақаттар кезінде дәрігерге дейінгі көмек көрсету.</p>
ОН2 Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.	<p>2.1 Командалық спорттық ойын қағидаларын сақтау.</p> <p>2.2 Дене тәрбиесі жүктемесінің негіздерін және оны реттеу тәсілдерін сипаттау.</p> <p>2.3 Жаттығуларды орындау техникасын меңгеру.</p> <p>2.4 Үйренген ойын тәсілдері мен жеке тактикалық міндеттерді оқу ойынында қолдану.</p> <p>2.5 Бағдарламада көзделген бақылау нормативтері мен тестілерін орындау.</p>

БМ.02 «Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану»

Мақсаты және міндеті

Аталған модуль білім алушыларға кәсіптік қызметте ақпараттық, коммуникациялық және цифрлық технологиялар туралы түсінік береді.

Модульге кіріспе

Бұл модуль кәсіби қызметте ақпараттық, коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану үшін қажетті білім, білік және дағдыларды сипаттайды.

Модульді оқу нәтижесінде студенттер: цифрлық технологиялар мен интернет ресурстарын; ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктері.

Модульді оқу барысында студенттер: цифрлық форматта жұмыс істеуді; «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының ресурстарын, «Қазақстан Республикасының электрондық үкіметі» сервисін пайдалану; кәсіби қызметте ақпараттық қауіпсіздікті сақтауды үйренеді.

Оқыту нәтижелері

Аталған модульді аяқтағанда білім алушылардың міндеттері:

1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру.
2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану

Модуль мазмұны

Кәсіби бағытталған ақпараттық жүйелерде деректерді жинау, орналастыру, сақтау, жинақтау, түрлендіру және беру технологиялары.

Кәсіби қызмет саласында негізгі жүйелік бағдарламалық өнімдерді және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету пакеттері. Оларды қолдану және пайдалану жолдары мен тәсілдері.

Компьютерлік және телекоммуникациялық құралдар түрлері, арналымы, қолданылуы.

Қолданылады ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі әдістері мен тәсілдері.

«Қазақстан Республикасының электрондық үкіметі» сервисінің қызметтері, құрылымы, арналымы, архитектурасы, мақсаты, субъектілері арасындағы қатынас.

Цифрлық Қазақстан бағдарламасының ресурстары. Цифрландырудың жаһандық трендтері және халықаралық тәжірибе. цифрлық Қазақстан бағдарламасының ресурстарын қолдану.

Ашық деректер порталының функциялары.

Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Осы модульді табысты аяқтағаннан кейінгі білім алушының оқыту нәтижелері	Бағалау критерийі Білім алушы міндеттері
ОН1 Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	1.1.Кәсіби бағытталған ақпараттық жүйелерде деректерді жинау, орналастыру, сақтау, жинақтау,

	<p>түрлендіру және беру технологияларын пайдалану.</p> <p>1.2.Кәсіби қызмет саласында негізгі жүйелік бағдарламалық өнімдерді және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету пакеттерін пайдалану.</p> <p>1.3.Компьютерлік және телекоммуникациялық құралдарды пайдалану.</p> <p>1.4.Қолданылады ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі әдістері мен тәсілдерін қолдану.</p>
ОН2 Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану	<p>2.1«Қазақстан Республикасының электрондық үкіметі» қызметінің қызметтерін пайдалану.</p> <p>2.2 Цифрлық Қазақстан бағдарламасының ресурстарын пайдалану.</p> <p>2.3Ашық деректер порталының функцияларын пайдалану.</p>

БМ.03 «Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану»

Мақсаты және міндеті

Аталған модуль білім алушыларға іскерлік шаралар ұйымдастыруға қажетті білімдерді, икемдер мен дағдыларды, кеңестерді, отырыстарды, брифингтер мен іскерлік кездесулерді жоспарлау мен ұйымдастыру дағдылары, іс-шараларды ұйымдастыруда табысқа жетуге ықпал ететін жедел шешімдерді сипаттайды.

Нарықтық экономика жағдайындағы кәсіпкерлік негіздері туралы түсінік береді.

Модульге кіріспе

Қазақстанның дамуының қазіргі кезеңі кез келген адамға өзінің кәсіпкерлік қабілеттерін сынап көруге мүмкіндік береді.

Ірі жоғары технологиялы өндірістер біздің еліміздің экономикасының негізін құрайды. Алайда, тарих шағын бизнестің икемді, шағын және дағдарыс жағдайында тұрақты болуына байланысты ірі кәсіпорындармен бәсекелес бола алатынын көрсетіп отыр.

Модульде білім алушылар нарықтық экономика негіздерімен, сұраныс, ұсыныс, бәсекелестік, ақша айналымы секілді түсініктермен танысады, кәсіпкерлік қызмет мазмұны мен мәдениеті, тіркеу тәртібі, салық салу,

өнімдердің өзіндік құн және кәсіпкерлік қызметтің нәтижелері сияқты мәселелерді оқиды.

Оқыту нәтижелері

Аталған модульді аяқтағанда білім алушылардың міндеттері:

1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру.
2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау.
3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің "жасыл" экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну.
4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру.
5. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау.

Модуль мазмұны

Бұл модуль кадрларды іріктеуге, орналастыруға және қызметкерлердің еңбек сапасын ынталандыруға қажетті білімдерді, икемдер мен дағдыларды сипаттайды.

Модульді зерделеу нәтижесінде білім алушылар мыналарды меңгереді: қол астындағы қызметкерлердің қызметін талдау және бағалау, ұйым қызметкерлерін ынталандыру жоспарын әзірлеу; Еңбек кодексіне сәйкес қызметкердің құқықтары мен міндеттерін түсіну, ұйым қызметкерлерін оқыту.

Білім алушылар модульді зерделеу кезінде мыналарды үйренеді: өз қызметін және персоналдық қызметін ынталандыру, олардың уәждемесін арттыру шараларын іске асыру, ҚР Еңбек кодексіне сәйкес жаңа қызметкерлерді жұмысқа қабылдау; ұсынылған түйіндемелерді іріктеу; кадрлардың орнын ауыстыру және орналастыру, қызметкерлердің еңбегін қорғау бойынша кіріспе және ағымдағы нұсқаулық жүргізу.

Экономикалық теория саласындағы негізгі терминдерді және ұғымдарды меңгеру. Меншік формасы мен түрін сипаттау және экономикалық міндеттерді шешу. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға өтуінің негізгі міндеттерін түсіну.

Мемлекеттің қаржы-несиелі, қаржылық, әлеуметтік, инвестициялық және антикризистік саясаты; ақша айырылысу түрлері; мемлекеттің және кәсіпорынның оқу көздері және қаржылық құралдарын қолдануды білу.

Сұраныс пен ұсыныс теориясының делдалдылығымен тұтынушы нарығындағы шаруашылық субъектілерінің тәртібін, өндіріс теориясын, өндіріс шығындарын, өндіріс факторлар нарығын, нарық құрылымы мен түрлері, макроэкономикалық көрсеткіштерді, нарықтық тепе-теңдіктің макроэкономикалық модельдерін, ақшалы-несиелі, салық-бюджетті саясатты, инфляция, жұмыссыздық, экономикалық өсу түрлерін анықтау.

Кәсіби қызметтегі құқықтық сауаттылықты қалыптастыру, дамыту және нормативті, құқықтық нормаларды пайдалану.

Қазіргі ортада топтың мінез-құлқы мен ойлау мәдениеттері саяси құқықтық жүйеге қалыптастыру.

Бизнес-жоспарлаудың қазіргі заманғы тұжырымдамасы мен жұмыс жоспары процесіндегі менеджменттің тәуекелділігі, бюджетті қаржыландыру жағдайын және жоспарлау және ұйымдастыру принциптерін, еңбек процесінің құрылымын нақтылай білуі керек. Практикалық жағдайда шағын-кәсіпорынның бизнес жоспарын құруды, ұйымдастыруы мен талдауын жасай білу.

Ұйымдық-құқықтық түрдің мақсаты мен қызметін; кәсіпорынның өндірістік сипаты мен ұйымдастырылу құрылымын; бизнес жоспар түрі мен құрылымы, маңызы, ішкіфирмалық жоспарлаудың негізгі және айналым капиталының құрамы мен құрылымын; еңбек өндірісінің маңызын, еңбек төлемінің түрі мен жүйесін; инвестициялау мәнін; тауардың өзіндік құнын, бағаның қалыптасуын, есеп шығаруды, шығындардытоптастыруды; қаржы ресурстарын қалыптастыру жолдарын біледі. негізгі айналымдағы капитал мен еңбек ресурстарының қалыптасу жағдайы мен тиімділігін пайдалануды талдау; бизнес жоспардың негізгі көрсеткіштерін есептеуді; өнімнің өзіндік құнының калькуляциялау; кәсіпорынның қаржылық- шаруашылық қызметінің тиімділігін, негізгі көрсеткіштерді есептеу және анықтауды жүзеге асырады.

Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Осы модульді табысты аяқтағаннан кейінгі білім алушының оқыту нәтижелері	Бағалау критерийі Білім алушы міндеттері
ОН 1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру.	<p>1.1. Экономикалық терминдерді меңгереді, нарықтық экономика заңдылықтары мен қағидаттарын түсіну.</p> <p>1.2. Өндіріс және тұтыну экономикасының негіздерін меңгеру.</p> <p>1.3. Мемлекеттің салықтың саясатын сипаттау.</p> <p>1.4. Инфляция көздерін және оның салдарларын түсіну.</p> <p>1.5. Негізгі экономикалық мәселелерді, экономика теориясы мен бизнес негіздерінің тұжырымдық ережелерін түсіну; елдің әлеуметтік – экономикалық дамуының басым бағыттарын анықтау.</p>

<p>ОН2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау.</p>	<p>2.1. Жоспарлаудың негізгі кезеңдері мен мазмұнын сипаттау. 2.2. Математикалық әдістерді қолдана отырып, қажетті экономикалық есептеулерді орындау. 2.3. Кәсіпорынның негізгі экономикалық көрсеткіштерін анықтау. 2.4. Субъектілердің қаржыларын басқаруды; қаржылық операцияларда көзделген әрекеттерді орындау; қаржылардың әлеуметтік-экономикалық процестерге әсер ету.</p>
<p>ОН3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің "жасыл" экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну.</p>	<p>3.1. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін сипаттау. 3.2. Мемлекеттің «жасыл» экономикаға өтуінің негізгі міндеттерін түсіну. 3.3. Жалпы ішкі өнім мен жалпы ұлттық өнімді есептеудің негізгі әдістерін қолдану. 3.4. Тепе-теңдік бағаны және тепе-теңдік сату көлемін есептеуді, өндіріс шығындарын, қорытынды табысты, ұлттық өнімнің жиынтығы, таза экспортты есептеу, инфляция деңгейін, жұмыссыздық деңгейін талдау.</p>
<p>ОН4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру.</p>	<p>4.1. Кәсіпкерліктің мақсаттарын, даму факторларын мен шарттарын сипаттау. 4.2. Қазақстандағы кәсіпкерлік қызметтің заманауи ұйымдастырушылық -құқықтық формаларын сипаттау. 4.3. Кәсіпкерлік қызметтің жетістігін анықтайтын факторларды түсіну. 4.4. Бизнес жоспарды құру негіздерін меңгеру. 4.5. Құқықтық тәртіптің әдістері мен түрлерін сипаттау; мемлекеттің ұйымдасқан құқықтық нормаларын талдау.</p>
<p>ОН5. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау.</p>	<p>5.1. Маркетингтік зерттеудің барлық әдістерін игеру арқылы фирма мен</p>

	<p>өнімнің бәсекеге қаблеттілігіне зерттеу, талдау жасау.</p> <p>5.2.Бизнес- жоспарда қауіп – қатерді азайтуды анықтау.</p> <p>5.3.Өндірістің күш қуатын жоғарлату, сату көлемін ұлғайып, жаңа нарықта ашу.</p> <p>5.4.Жоспарлау механизмдері мен шешім қабылдауда жоспарлаудың дәстүрлік және дәстүрлік емес әдістерімен танысу.</p> <p>5.5.Фирманың қаржылық жағдайының негізгі көрсеткіштері мен әдістеріне талдау және қорытынды жасау.</p>
--	---

БМ.04 «Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану»

Мақсаты және міндеті

Аталған модуль өзін және өзінің қоғамдағы орнын сезіну, әлеуметтік, саяси, этникалық, конфессиялық және мәдени айырмашылықтарды төзімділікпен қабылдауға мүмкіндік береді.

Модульге кіріспе

Білім алушылар әлемнің философиялық бейнесін зерттеу, мәдениеттің болмысы мен арналуын түсіну; азаматтық құқықтар мен міндеттерді сақтау; қоғамның даму заңдылықтары мен перспективаларын, қазіргі замандағы әлемнің әлеуметтік-саяси үдерістердің даму үрдістерін түсіну негізінде ойлау мәдениетін қалыптастыруға қажетті білімдерді, икемдер мен дағдыларды сипаттайды.

Оқыту нәтижелері

Аталған модульді аяқтағанда білім алушылардың міндеттері:

1. Төзімді және белсенді жеке ұстанымды қалыптастыратын моральдық-адамгершілік құндылықтар мен нормаларды түсіну.
2. Әлемдік өркениеттегі Қазақстан Республикасы халықтары мәдениетінің рөлі мен орнын түсіну.
3. Құқықтың негізгі салалары туралы мәліметтерді меңгеру.
4. Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі түсініктерін меңгеру.

Модуль мазмұны

Жалпы философиялық мәселелерді жақсы білу. Адам өміріндегі еркіндік пен жауапкершілік, материалдық және рухани құндылықтар секілді

философиялық категориялардың арақатынасын анықтайды. Негізгі философиялық ұғымдарды біледі. Философия тарихындағы таным үдерісінің мәнін және таным үдерісіне қарай әр түрлі көзқарастарды түсінеді. «Диалектика», «диалектика заңдары», "болмыс", "материя", "қозғалыс", "кеңістік және уақыт" ұғымдарының мәнін сипаттайды. Философияның негізгі категорияларының мәні мен өзара байланысын анықтайды. Әлемнің ғылыми, философиялық және діни көріністерінің ерекшеліктерін түсінеді.

Мәдениеттанудың негізгі түсінігін; конфуциялық-даосизм мәдениетін; қытай өнерін, иероглификасын; үнді мәдениеті ерекшеліктері мен оның негізгі жетістіктерін; Ислам, Мұхаммед, кұрайшы, Құран, Аллах, Мекке ұғымдарын; христиан дінін оқудағы негізгі принциптері және оның бағыттарының құндылықтарын; Франция мәдениеті Ашельдік мәдениетті; көшпенділердің өмір салты және құндылықтар жүйесін; Қазақстанның орта ғасырлық мәдениетіне түркі және араб мәдениетінің ықпал жасауы туралы біледі. Қазақ халқының ерекшеліктерін ашуды; мәдениеттану түсініктерін еркін қолдануды; мәдени салттарын бақылап; көшпенділердің материалдық және рухани мәдениетінің ерекшелігін көрсетуді; адамның, қоғамның ішкі мәдениетін анықтай алады.

Адам мен азаматтардың бостандығы мен құқықтары; оларды орындау механизмдерін; кәсіпшілік қызмет сферасында заңға сүйенген өнегелі-этикалық нормаларды біледі. Маманның кәсіпшілік қызметін реттейтін нормативті - заңға сүйінген құжаттарды біледі.

Заңдылықтарды түсінудегі әлеуметтік қадамдар туралы; әлеуметтік құрылым, әлеуметтік қабаттар, әлеуметтік қарым-қатынастар туралы түсініктерді; тұлғаның әлеуметтану үрдісінің ерекшеліктерін және оларды реттеудің түрлерін біледі. Әлеуметтік қозғалыстарды дамыту және әлеуметтік өзгерістердің басқа факторларын дамытуды; биліктің мазмұнын, саясаттың субъектілерін, саяси жүйелер және тәртіптер туралы түсініктерді қалыптастыра алады.

Білім алушылар ұлттық сананы дамытуға, ежелгі дәуірден қазіргі кезеңге дейін орын алған тарихи оқиғалардың мәні мен заңдылықтарын түсінуге қажетті білімдерді, икемдер мен дағдыларды сипаттайды.

Білім алушылар негізгі философиялық ұғымдарды және заңдылықтарды; мәдениеттерді, діндерді және өркениетті; мемлекеттік құқықтық қарым-қатынастар мен құбылыстардың жүйесін; азаматтар мен қоғамдағы саясаттың басқа да субъектілерінің өзара қарым-қатынастары жүйесінің жұмысын меңгереді. Философияның негізгі категорияларының мәні мен өзара байланысын анықтайды. Әлемнің ғылыми, философиялық және діни көріністерінің ерекшеліктерін түсінеді. Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктерін сипаттайды. Қазақстан тарихының толыққандылығы мен жүйелілігін көрсететін және сипаттайтын фактілерді, үдерістер мен құбылыстарды анықтайды. Тарихи оқиғалардың арасында байланыс орнатады.

Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Осы модульді табысты аяқтағаннан кейінгі білім алушыны оқыту нәтижелері	Бағалау критерийі Білім алушы міндеттері
ОН1. Төзімді және белсенді жеке ұстанымды қалыптастыратын моральдық-адамгершілік құндылықтар мен нормаларды түсіну.	1.1 Негізгі философиялық ұғымдарды меңгеру. 1.2 Философия тарихындағы таным үдерісінің мәнін және таным үдерісіне әр түрлі пікірлерді түсіну. 1.3 Диалектика, диалектика заңдары, тұрмыс, материя, қозғалыс, кеңістік және уақыт ұғымдарының мәндерін сипаттау;
ОН2 Әлемдік өркениеттегі Қазақстан Республикасы халықтары мәдениетінің рөлі мен орнын түсіну.	2.1 Ежелгі дәуірден қазіргі кезеңге дейінгі тарихи оқиғалар хронологиясын біледі және мәнін түсіну. 2.2 Қазақ халқының жалпы түрік қоғамдағы, көшпелі өркениет жүйесіндегі, Еуразия әлемі халықтарының тарихи-мәдени қауымдастығының дамуындағы рөлі мен орнын аша білу. 2.3 Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстан Республикасында болып жатқан саяси және қоғамдық өзгерістердің мәні мен бағытын түсіну.
ОН3 Құқықтың негізгі салалары туралы мәліметтерді меңгеру.	3.1 Отандық мәдениеттің тарихын, дәстүрлі қазақ мәдениетінің құндылықтарын білу. 3.2 Қазақстан Республикасы халқы мәдениетінің әлемдік өркениеттегі рөлі мен орнын түсіну. 3.3 Тәуелсіз Қазақстанның мәдени жетістіктерін сипаттау.
ОН4 Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі түсініктерін меңгеру.	4.1 Өртүрлі мәдениеттер мен өркениеттердің нысандарын және түрлерін, тарихын сипаттау. 4.2 Әлемдік және дәстүрлі діндердің тарихын білу және қазіргі жағдайын түсіну. 4.3. Экстремисттік, радикалдық және террористік идеологияны ажырата алу.

	4.4.Әлеуметтік,этникалық,конфессиялық және мәдени ерекшеліктерді толеранттылықпен қабылдайды.
--	---

КМ 01. «Технологиялық құбырларды монтаждау үшін дайындық жұмыстарын жүргізу»

Мақсаты және міндеті

Құбыр желілері, коллекторлар, арналар, камералар және құдықтар астына табандарын дайындау; жабықтарды, құралдарды, керек – жарақтарды, қосалқы материалдарды дайындау; үшін қажетті білімдерді, іскерліктер мен дағдыларды сипаттайды.

Модульге кіріспе

Осы модульде білім алушылар құбыр желілері, коллекторлар, арналар, камералар және құдықтар астына табандарын дайындау, жабықтарды, құралдарды, керек – жарақтарды, қосалқы материалдарды дайындау жолдарын үйренеді.

Оқыту нәтижелері

Аталған модульді аяқтағанда білім алушылардың міндеттері:

1. Құбырларды, фитингтер мен арматураларды қабылдау және тарқату.
2. Технологиялық құбырларды орнату мәселелері көрсетілген жұмыс құжаттамасын оқу.
3. Құбырларды төсеуді, монтаждауға дайындықты орындау.

Модуль мазмұны

Білім алушылар барлық түрдегі және міндеттегі құбырларды, құрылғыларды, құрама коллекторларды, арналарды, камераларды және құдықтарды орнату жұмыстарын орындауды меңгереді.

Модульді игеру нәтижесінде, білім алушылар барлық түрдегі және міндеттегі құбырларды, құрылғыларды, құрама коллекторларды, арналарды, камераларды және құдықтарды орнату жұмыстарын орындауды меңгеруі қажет.

Білім алушылар монтаждық жұмыстар үшін техникалық құжаттама құрамын және мазмұнын, технологиялық құбырларды біріктірулер сұлбаларын, монтаждық – коммуникациялық сұлбаларды орындау ережелерінің мақсатын білуі тиіс.

Өндірістік оқыту кезінде студенттер жабдықпен, саймандармен және монтаждау бұйымдарымен жұмыс істеу дағдысына ие болады.

Монтаждау жұмыстарын орындау кезіндегі қауіпсіздік техникасы.

Өндірістік оқыту барысында саймандармен жұмыс істеу дағдыларына ие болу, нұсқаулықтар және нормативтер бойынша монтаждау жұмыстарын орындау қарастырылады.

Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Осы модульді табысты аяқтағаннан кейінгі білім алушының оқыту нәтижелері	Бағалау критерийі Білім алушы міндеттері
ОН 1.1. Құбырларды, фитингтер мен арматураларды қабылдау және тарқату.	1. Кәсіпшілікте мұнайды өңдеуге дайындау; 2. Мұнайды өңдеу.
ОН 1.2. Технологиялық құбырларды орнату мәселелері көрсетілген жұмыс құжаттамасын оқыңыз.	1.Құбырларды, құрама коллекторларды, арналарды, камералар мен құдықтарды жөндеуге және құрастыруға арналған құрал түрлерін пайдалану. 2.Құбырларды, құрама коллекторларды, арналарды, камералар мен құдықтарды монтаждау алдында дайындық жұмысын жүргізу. 3.Құбырлар мен құдықтар, коллекторлар астына табанын дайындау. 4.Орташа күрделілікте жөндеу жүргізу 5.Технологиялық құбырларды монтаждау кезінде қолданылатын материалдардың сұрыптамасы мен таңбасын құрастыру.
ОН1.3. Құбырларды төсеуді, монтаждауға дайындықты орындау.	1.Технологиялық құбырларды құрама коллекторларды, арналарды, камералар мен құдықтарды монтаждау кезінде жөндеуді және құрастыруды орындау.
ОН1.4.Электр энергиясы, оның қасиеттерін меңгеру	4.1. Технологиялық жабдықтарды монтаждау бойынша жұмыс құжаттамасын оқу (жоспарлар, бөлінділер, қималар, айрықшалама схемалары) 4.2.Токты, кернеуді, энергия қуатын және кедергіні өлшеу
ОН1.5.Сызбаларды орындаудың жалпы ережелерін меңгеру	5.1. Сызбаларды рәсімдеудің шарттылығын және негізгі қағидаларын қолдану. 5.2. Бөлшектердің орындау тәртібі мен бірізділігін меңгеру
ОН1.6.Теориялық механика негізін түсіндіру	6.1.Механикалық жүйенің қозғалыс заңдары және осы қозғалыстардың ортақ қасиеттерін қарастыру.

	<p>6.2. Вакуумдағы жарық жылдамдығынан аз жылдамдықпен қозғалатын макроскопиялық денелердің қозғалысын зерттейтін Ньютонның классикалық механикасын түсіну.</p> <p>6.3. Статика, кинематика және динамика бөлімдерін меңгеру.</p>
--	---

КМ02. «Технологиялық құбырларды монтаждауды жүргізу»

Мақсаты және міндеті

Аталған модуль білім алушыларға монтаждау жұмысына өндіріс пен механизациялау құралдарын дайындау жұмыстары, цех ішіндегі құбырларды монтаждау және цехаралық құбырларды монтаждау жұмыстары туралы жазылған.

Осы модуль білім алушыларға құбырлардың жалғанған монтаждық тораптарының сапасын бақылау; орындалған жұмыстардың сапасын тексеру үшін қажетті білімдерді, іскерліктер мен дағдыларды сипаттайды.

Модульге кіріспе

Осы модуль білім алушыларға құбырларды, түтікшелерді және ауыстыру тораптарын сынауды меңгеруі қажет. Білім алушылар модульді зерделеу кезінде: құбырларды, түтікшелерді және ауыстыру тораптарын сынау қағидалары мен тәсілдеріне түсінік береді.

Оқыту нәтижелері

Аталған модульді аяқтағанда білім алушылардың міндеттері:

1. Диаметрі 300 мм дейінгі құбырларды белгілеу және монтаждау бойынша жұмыстарды орындау.
2. Жүктерді ілмектеу және жылжыту.
3. Муфталардың көмегімен бұрандаларды кесу және құбырларды қосу бойынша жұмыстарды орындау.
4. Мыстан жасалған құбырларды дәнекерлеу тәртібін сақтау.

Модуль мазмұны

Осы модуль механизмдер мен такелаждық жабдықтарды пайдалану арқылы ірі блоктармен құбырларды монтаждау үшін қажетті білімдерді, іскерліктер мен дағдыларды сипаттайды.

Модульді зерделеу нәтижесінде білім алушылар: қоныш, ернеулік, салмалы сомын, манжета, әмбебап қосылыстар көмегімен құбырларды жалғауды меңгеруі қажет.

Білім алушылар модульді зерделеу кезінде: монтаждаудың өндірістік процесінің құрылымын, технологиялық жабдықтардың құрылысын, монтаждау операцияларын, қабылдауды білуі тиіс.

Білім алушылар: жүктерді көтергіш крандармен, гидравликалық домкраттармен, электрлік жұқарбалармен көтеру және жылжыту кезінде арнайы құралдардың көмегімен әртүрлі салмақтағы жүктерді маталау жұмыстарын орындау; әртүрлі салмақтағы тораптармен және блоктармен, құрастырылатын технологиялық жабдықтар мен оған байланысты құрылымдарды монтаждау кезінде қажетті құралдардың, керек-жарақтардың жұмысқа қабілеттілігін тексеру; әсіресе, биіктікте жұмыстарды орындау кезінде еңбек қорғау, өрт және экологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтайды

Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Осы модульді табысты аяқтағаннан кейінгі білім алушының оқыту нәтижелері	Бағалау критерийі Білім алушы міндеттері
ОН1. Диаметрі 300 мм дейінгі құбырларды белгілеу және монтаждау бойынша жұмыстарды орындау.	1.1.Торлардың негізгі түрлерін және олардың таңба сипаттамаларын меңгеру. 1.2. Қауіпсіз жұмыс үшін қажетті құралдарды меңгеру.
ОН2. Жүктерді ілмектеу және жылжыту.	2.1. Арнайы және жүк көтергіш керек – жарақтар туралы білімді және оларды қолдану тәсілдерін меңгеру.
ОН3 Муфталардың көмегімен бұрандаларды кесу және құбырларды қосу бойынша жұмыстарды орындау.	3.1.Дәнекерлеу - монтаждау жұмыстарының сипаттамаларын меңгеру. 3.2.Дәнекерлеу жабдықтарының түрлерін, жұмыс түрлері бойынша айқындау 3.3.Жұмыс шарттарына сүйене отырып, мұнай газ өнеркәсібі жабдықтарының бөлшектері үшін қорытпаларды таңдау 3.4..Металды кесуге арналған құралдар мен керек жарақтарды қолдану.
ОН4. Мыстан жасалған құбырларды дәнекерлеу тәртібін сақтау.	4.1. Беттік түйісу бойынша кернеуді анықтау
ОН5.Магистральдық құбыр жабдығының істен шығу себептерін және технологиялық процестің бұзылуын талдау	5.1.Әр жабдық түрінің, негізгі бөлшектер мен тораптардың міндеттерін меңгеру 5.2.Қайта іске қосу үшін қолданылатын материалдармен жұмыс жасау

ОН6. Стандарттау негізін меңгеру	6.1.Стандарттаудың даму сатылары білу; 6.2. Ұлттық стандарттаудың пайда болуын меңгеру; 6.3 Халықаралық стандарттаудың даму кезеңдерін білу; 6.4.Қазақстан Республикасында стандарттаудың даму тарихымен танысу;
----------------------------------	---

КМ.03 «Технологиялық құбырларды монтаждау бойынша орындалған жұмыстардың сапасын тексеру»

Мақсаты және міндеті

Бұл модульде монтаждалған құбыржелісін қабылдау және куәландыру жұмыстары, құбырларды сынау сынау әдістері мен сынау қысымы, құбырларды гидравликалық, пневматикалық сынау туралы мәліметтермен қоса құбырды үрлеу, жуу жұмыстары қаралған.

Модульге кіріспе

Білім алушылар жабдық пен бөлшектерге арналған құжаттың болуын тексеру; жабдықтар мен бөлшектерді ашу үшін , жабдықтардың жиынтығы мен сапасын көрсететін ілеспе құжаттардың тізбесін; жабдықтарды ашу және монтаждау үшін қажетті қол және механика құралының міндеті мен пайдалану қағидаларын меңгереді

Оқыту нәтижелері

Аталған модульді аяқтағанда білім алушылардың міндеттері:

1. Құбыржолдарды пневмо – гидросынауды орындау, сынау процесінде анықталған ақаулықтарды жою.
2. Бақылау-өлшеу аспаптары мен құралдарын пайдалану.
3. Монтаждалған құбырлар мен түйіспелі дәнекерлеу қосылыстарын бақылап байқауын орындау.
4. Мұнай кәсіпшілік құбырлары мен жабдықтарын монтаждау, жөндеу
5. Технологиялық құбырларды монтаждау және пайдалану
6. Еңбек қауіпсіздігі мен өндірістік санитария қағидаларын меңгеру

Модуль мазмұны

Монтаждалған жабдықтарды және оған байланысты құрылымдарды беріктікке тексеру және қысым астында сынау. Бақылау процесінде анықталған ақаулар мен ақаулықтарды жояды.

Электрлік материалтану бойынша білімін пайдаланып аспаптардың жеңіл жөндеу жұмыстарын жүргізу. Аспаптарды жөндеуге техникалық құжаттамаларды ресімдеу. Аспаптар мен автоматтандыру құрылғылары бойынша жекелеген жөндеу жұмыстарын жүргізу.

Оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Осы модульді табысты аяқтағаннан кейінгі білім алушының оқыту нәтижелері	Бағалау критерийі Білім алушы міндеттері
ОН1. Құбыржолдарды пневмо - гидросынауды орындау, сынау процесінде анықталған ақаулықтарды жою.	<p>1.1.Сынау үшін қажетті гидравликалық, пневматикалық құралдарды пайдалану</p> <p>1.2.Құбырларда газдың және конденсаттың ағып кетуін анықтау.</p> <p>1.3.Құбырда ақаулар мен ағып кетуді анықтауға арналған жабдықты пайдалану.</p> <p>1.4.Құбырларда газдың және конденсаттың ағып кетуін жою әдістерін меңгеру</p> <p>1.5.Газдың ағып кетуі кезінде қауіпсіздік және өрт қауіпсіздігі қағидаларын меңгеру</p> <p>1.6. Технологиялық құбырлардың бөліктерін үрлеуді және қысыммен тексеруді жүргізу.</p>
ОН2. Бақылау-өлшеу аспаптары мен құралдарын пайдалану.	<p>2.1.Бақылау – өлшеу аспаптарының түрлерін және бақылау нүктелерін меңгеру.</p> <p>2.2.Электротехникалық материалдардың құрылымы мен жіктелуі; электротехникалық материалдардың құрылысы, олардың электрлік, магниттік, жылулық, механикалық және физика-химиялық сипаттамалары; сымдар, шиналар мен кабельдердің тағайындалуы мен қолдану.</p>
ОН3. Монтаждалған құбырлар мен түйіспелі дәнекерлеу қосылыстарын бақылап байқауын орындау.	<p>3.1. Құбырлар мен фасонды бөлшектерді бөгде заттардан және ластанудан тазалау.</p> <p>3.2. Құбыр мен фасонды бөлшектерді төсейтін орындарды белгілейді, өлшеу жүргізу қағидаларын меңгеру</p>

	3.3.Құбырлар мен фасонды бөлшектерді белгілеуді және орнатуды орындау
ОН4.Мұнай кәсіпшілік құбырлары мен жабдықтарын монтаждау, жөндеу	4.1.Жабдықтарды және оған байланысты құрылымдарды визуалды шолуды жүргізу. 4.2.Жабдықтардың жұмысқа қабілеттілігін аспаптық әдіспен анықтау. 4.3.Жеңіл анықталған ақауларды жою.
ОН5.Технологиялық құбырларды монтаждау және пайдалану	3.1.Технологиялық құбырларды сынау нормаларын меңгеру; 3.2.Құралдардың дұрыс күтімін жасау. 3.3. Технологиялық жабдықтарды монтаждау; 3.4.Бөлшектерді шаблон бойынша белгілейді. Жабдықтарды және оған байланысты құрылымдарды дайындау; 3.5.Жабдықтарды монтаждау негізінде іргетас жобасының сенімділігі мен сәйкестігін тексеру
ОН6.Еңбек қауіпсіздігі мен өндірістік санитария қағидаларын меңгеру	6.1.Құбыр жолдарына қызмет көрсету қорғаныс құралдарын қолдану; 6.2. Өрт сөндіргіштер мен өртке қарсы инвентарларды қолдану; 6.3.Қысым астында жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздік техникасын меңгеру.

КМ.04 «Аймақта құрылыс – монтаждау жұмыстары жоспарының орындалуы»

Мақсаты және міндеті

Білім алушылар монтаждау жұмыстары кезінде: құрылыс-монтаждау жұмыстарының жоспарына қойылатын талаптардың тәртібін біледі.

Модульге кіріспе

Білім алушылар құрылыс-монтаждау жұмыстарының жоспарын құру; құбырларды төсеу жұмыстарын ұйымдастыра алады. Құбырларда құрылыс-

монтаждау жұмыстарын жүргізу; апаттарды жою, жобалық және техникалық құжаттамен жұмыс жасауды меңгереді.

Оқыту нәтижелері

Аталған модульді аяқтағанда білім алушылардың міндеттері:

